


Елбасы әрбір Жолдауында ғылым мен білімге ерекше назар аударып келеді. Президентіміз маңызды құжатта сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық өлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық береді.

Сұранысқа ие мамандарды дайындайды



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандар дайындап шығаруда. Жоғары мектептегі 26 ғылыми докторлары, 85 ғылым кандидаттары, 6 PhD докторлары, 95 процент пен 63 оқытушы құрама оқытудың кредиттік технологиялары бойынша заманауи технологияларды топығымен меңгеріп, студенттерге білім беруде. Әр оқу жылында ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктіліктері жоғарылату мақсатында Республикалық және шетелдердегі жоғары оқу орындарында біліктіліктерін арттырып қайтады. «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми-зерттеу орталықтарымен қарым-қатынас жасайды. Жоғары мектепте соңғы өмі жылда 30 оқытушы шетелдердегі жоғары оқу орындарында Германиядағы Мюнхен Техникалық университетінде, Сингапурдағы Сингалур Улттық университетінде, Испаниядағы Мадрид университетінде, Норвегиядағы Харатылыстану ғылыми университетінде, Улыбританиядағы Нью-Кастл университетінде біліктіліктерін жоғарылатты. Алған білімдерін оқытушылар университетімізде бірлескен оқу бағдарламаларын дайындау арқылы оқу үлдісіне енгізу және зертханалық қондырғыларды орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бірлескен бағдарламалар арқылы бакалавр, мамандар, магистрлер және PhD докторларын дайындау қазіргі кезде аздаған жоғары оқу орындарында ғана бар. Дегенмен болашақ түлектердің кәсіби мүмкіндіктер шеңберін кеңейту, білім берудің мобилділігін халықаралық деңгейде қамтамасыз ету қажет. Осы орайда жоғары мектеп алыс жақын шетелдерге академиялық ұтқырлық бағдарламасымен 100-ден астам студенттерді жіберіп отыр.

Жоғары мектептің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, магистранттар және докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене қатысады. Соңғы жылдары ҚР БҒМ конкурстық негізде грант тұрғысындағы ғылыми жобаларды қаржыландыру ұлғаяуда. Ғылыми зерттеулер шетелдік өріптестермен бірлесіп отырып, атап айтқанда Улыбритания, Германия, Норвегия, Чехия және т.б. мемлекеттермен халықаралық жобалар жасалыныуда. Сонымен қатар еліміздегі жетекші кәсіпорындармен

«ПетроКазakhstan ОйлПродуктс» ЖШС, «Казфосфат» ЖШС, «КазАзот» ЖШС, «Южполиметалл» АҚ, «Агринновация» АҚ, «Оңтүстік Мұнай тағзы» ЖШС, «Автобустсервис» ЖШС, «Қазақстан темір жолы» ЖС және т.б. үлкен-кіші мекемелермен мейлінше тиімді өріптестіктің даңбыл отырып, біртүрлі түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіншіліктері жақсы жолға қойылған.

Елімізді дамытудың стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін республикамыздағы кадрларды дайындау жүйесі екітінді болуы, индустриалды-инновациялық даму талаптарына қажеттіліктерге жауап бере аларлықтай болуы қажет. Кадрларды даярлауда жүйелі шешімдердің бірі – тиімді мемлекеттік одақтар мен жеке капиталдың болуы. Мемлекет тарапынан бұл одақ заңды қарастырылған мүмкіндіктер мен преференцияларды мекемелер-меценаттарға жүзеге арқылы шешіп, олар кадр даярлауда өз қаражаттарын, басқа да ресурстарды салғанда – кадрларды қолдау және мемлекет мекеме-меценаттарды кадрмен қамтамасыз етуге қатысатын еді. Бүгінде білім саласына өте жауапты міндет қойылды, ол – қоршаған ортадағы өзгерістерге адамды үнемі бейімделуі қамтамасыз ету, үздіксіз білім алу жүйесін құру. Қорыта келгенде білім, ғылым, өндірістің шынайы біріктірілуі қоғамымыздың инновациялық факторларының негізі болуы тиіс.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінде 58072100 «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», 58072000 «Биоорганикалық заттардың химиялық технологиясы», 58060000 «Химия», 58070100 «Биотехнология», «Металлургия», 58075300 «Балқуы қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы», 58060000 «Экология» мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура бағытында жоғары білікті мамандарды даярлайтынын ескере келе, мектеп түлектерін «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің мамандықтарына оқуға шақырамын.

Боғысбек АЙДАРБЕК
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі деканы, техника ғылымдарының кандидаты